

## Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 72 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2009 жылы 28 сәуірде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5650 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 19 мамырдағы N 233 Бұйрығы.

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010.05.19 N 233 Бұйрығымен.**

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 67-бабының 13-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну ережесін бекіту туралы ереже бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылған деп танылсын.

3. Мемлекеттік жоспарлау әдіснамасы департаменті (Б.Бабажанова) Заң департаментімен (Д. Ешімова) бірлесіп осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

*Министр* *Б. Сұлтанов*  
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Э к о н о м и к а ж әне б ю д ж е т т і к  
ж о с п а р л а у м и н и с т р і н і ң  
2 0 0 9 ж ы л ғ ы 1 с ә у і р д е г і  
N 72 бұйрығына 1-қосымша

## Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну ережесі

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің кезекті жоспарлы кезеңге арналған бюджеттік өтінімнің құрылымын, оны жасау және ұсыну

т ә р т і б і н

а н ы қ т а й д ы .

2. Бюджеттік өтінімді жасаудың негізгі мақсаты бюджеттік бағдарламаны орындаудың қажетті ресурстары мен нәтижелері туралы сандық және қаржылық ақпарат негізінде Республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеген кезде шығыстар көлемін негіздеу болып табылады.

3. Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі (бұдан әрі - бағдарламалардың әкімшісі ) бюджеттік өтінімді әлеуметтік-экономикалық дамудың және бюджет параметрлерін болжамында көзделген бюджет қаражаты көлемі шегінде енгізеді.

4. Бюджеттік өтінім базалық шығыстар мен жаңа бастамаларға арналған бөлінісін шығыстар көлемін негіздеу үшін кезекті жоспарлы кезеңге бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі жасайтын құжаттардың жиынтығы болып табылады.

Тұрақты сипаттағы шығыстар, күрделі шығыстар, сондай-ақ бюджеттен қоса қаржыландыру жағдайында басталған (жалғасатын) бюджеттік инвестициялық жобалардың және концессиялық жобалардың шығыстары базалық шығыстар б о л ы п т а б ы л а д ы .

Мемлекеттік қызмет көрсетулер тізіліміне сәйкес мемлекеттік функциялар, өкілеттіктер және мемлекеттік қызметтер көрсетумен, трансферттер төлеумен және мемлекеттің басқа да міндеттемелерімен байланысты шығыстар тұрақты сипаттағы шығыстар болып табылады.

Уәкілетті органдар бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің стратегиялық жоспарларының жобалары мен бюджеттік өтінімдерін олардың Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарына, әлеуметтік-экономикалық дамудың және бюджеттік параметрлердің болжамына, бюджеттік және өзге де заңнамасына, мемлекеттік қызметтің қолданылып жүрген заттай нормаларына және стандарттарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды .

Б ю д ж е т т і к ө т і н і м :

стратегиялық жоспарлардың жобасының;

Қазақстан Республикасы бірыңғай бюджет сыныптамасының;

өткен қаржы жылындағы бюджеттік өтінімінің;

есепті қаржы жылы стратегиялық жоспардың іске асырылуы туралы есептің ;

н ә т и ж е л е р д і б а ғ а л а у д ы ң ;

з а т т а й н о р м а л а р д ы ң ;

мемлекеттік қызметтің стандарттардың негізінде жасалады.

4-1. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының және бюджеттік параметрлерінің болжамы мақұлданғаннан кейін республикалық бюджет бағдарламаларының әкімшілері ағымдағы қаржы жылының 1 мамырына дейін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға жаңа бюджеттік бағдарламалардың тізбесін және қолданыстағы бюджеттік

бағдарламаларды алып тастау жөнінде ұсыныстармен атауларын өзгерту жөніндегі ұсынысты енгізеді.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасы және республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің ұсыныстары негізінде республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бюджеттік өтінімдерді уақытылы ұсынуы үшін бюджетті жоспарлау бойынша ақпараттық жүйелердің дайындығын қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 4-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2009.05.22 N 113 бұйрығымен.**

5. Бюджеттік өтінімнің деректері осы бюджеттік бағдарламаның объективті сипаты негізінде жинақталған бюджеттік бағдарлама туралы нақты және толық ақпаратты айғақтауы тиіс.

6. Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасында көзделген бюджетті нақтылау жағдайларын қоспағанда, бағдарламалардың әкімшісі жыл сайын тек бір ғана бюджеттік өтінім жасайды.

7. Бағдарламаның әкімшісі бюджеттік өтінімді мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі-уәкілетті орган) қағазға түсіріп нөмірленген, екі дана, кітапша түрінде және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның (орталық уәкілетті орган) ақпараттық жүйесін пайдалану арқылы электрондық құжат түрінде енгізеді.

8. Бюджеттік өтінімнің уәкілетті органда тіркелген күні оның табыс етілген күні болып есептеледі.

9. Әрбір бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік өтінімін қарау уәкілетті органға түскен күнінен бастап 15 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

10. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган қарау нәтижелері бойынша бюджеттік өтінімдер жоғарыда көрсетілген құжаттарға сәйкес келмеген жағдайда, оларды бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне пысықтауға қайтарады.

Бюджеттік өтінім уәкілетті органға орталық уәкілетті органның ақпараттық жүйесінде болмаған және (немесе) қағазға түсіріп берілген бюджеттік өтініммен сәйкес келмеген жағдайда, орталық уәкілетті орган оны қарамастан бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне қайтарады.

11. Бағдарламалар әкімшісі пысықталған бюджеттік өтінімді ол қайтарылған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде уәкілетті органға табыс етеді.

12. Бюджеттік өтінім:

1) стратегиялық жоспар жобасына енгізілген әрбір бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар түрлері бойынша есеп-қисаптарды, бюджеттік бағдарламалардың жиынтық тізбесін, базалық шығыстар мен жаңа бастамаларға

арналған шығыстарды қоса алғандағы ағымдағы бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік даму бағдарламалары бойынша шығыстардың жиынтық кестесі;

2) байланысты гранттар сомасын жұмсалу бағыттары бойынша міндетті түрде бөле отырып, ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша алынған және пайдаланылған байланысты гранттар туралы ақпаратты;

3) ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша алынған және пайдаланылған байланысты емес гранттар туралы ақпаратты;

4) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша өз билік етулерінде қалатын, мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметті) өткізуден түсетін ақша түсімдері мен шығыстарының болжамын;

5) түсіндірме жазбаны;

б) орталық мемлекеттік органдардың, оның ведомстволарының, аумақтық органдардың, ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің, оның ішінде, орталық аппараттың құрылымдық бөлімшелерінің, ведомстволарының және олардың аумақтық органдарының штаттық кестесі, сондай-ақ жергілікті атқару органдарының және оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің штаттық кестесін және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган сұрататын басқа да қажетті ақпаратты қамтиды.

12-1. Бюджеттік өтінімдерге Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 67-бабының 6-тармағының 1)-5) тармақшаларында көзделген құжаттардың тізбесінен басқасы:

республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттеріне нысаналы трансферттер бөлінген жағдайда облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарымен келісілген нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісім жобалары;

облыстық бюджеттен аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеттеріне, нысаналы трансферттер, облыстың бюджеттерге бөлінетін және одан әрі аудан бюджеттеріне бөлуге жатқызылатын республикалық трансферттер бөлінген жағдайда ауданның жергілікті атқарушы органдарымен келісілген нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісім жобалары;

егер республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі қосымша шығыстарды немесе бюджет түсімдерін қысқартуды қажет ететін нормативтік құқықтық актілер әзірлеуді немесе оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді ұсынған жағдайда тиісті нормативтік құқықтық актінің жобасы;

тиісті сараптамасының қорытындысымен инвестициялық ұсыныстар; техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеуді қажет етпейтін жобаларды қоспағанда, құрылысқа арналған жоба алды (техникалық-экономикалық

негіздемелер) және жобалау (жобалық-сметалық) құжаттамаларының мемлекеттік сараптама актілері бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі, бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру арқылы бюджеттік инвестициялар жүзеге асыру кезінде бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі бойынша экономикалық сараптаманың оң қорытындысы;

бюджеттен қоса қаржыландырылатын жағдайда концессиялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі, бюджеттен қоса қаржыландырылған жағдайда концессиялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесіне экономикалық сараптамасының оң қорытындысы, бюджеттік инвестицияларды концессиялық жобаларды қоса қаржыландыру арқылы жүзеге асыру кезінде концессиялық жобаны, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен және республикалық меншіктің қолда бар объектілері бойынша республикалық меншікке билік ету құқығын жүзеге асыру жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісу;

мемлекеттің заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуы арқылы бюджеттік инвестицияларды жоспарлау жағдайында заңды тұлғаларды дамытудың стратегиялық құжаттары;

мемлекеттің заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуы арқылы жүзеге асырылатын бюджеттік инвестициялардың қаржылық-экономикалық негіздемесі;

республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері ұсынатын шақырыштар бойынша зерттеулер жүргізудің орындылығын қарау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның қорытындысы;

республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ұсынатын тақырыптар бойынша ғылыми зерттеулердің мемлекеттік ғылыми және ғылыми-техникалық сараптамасының қорытындысы;

республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларды бюджеттік кредиттеу арқылы іске асыруға ұсынып отырған бюджеттік бағдарламалар бойынша бюджеттік кредиттеудің орындылығы туралы орталық уәкілетті органның қорытындысы;

республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі есептеу техникаларын, телекоммуникациялық жабдықтарды, лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді, ақпараттық жүйелерді әзірлеу және дамыту бойынша қызметтерді сатып алуға шығыстарды жоспарлаған кезде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша ақпараттандыру және байланыс саласындағы уәкілетті органның қорытындысы;

Заңнамаға сәйкес мемлекеттік тапсырма нысанында мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған

жекелеген мемлекеттік қызмет көрсетуге, бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға және басқа да міндеттерді орындауға арналған ұсыныстар қоса беріледі.

**Ескерту. 12-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2009.05.22 N 113 бұйрығымен.**

13. Бюджеттік өтінімге республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі жауапты хатшысы (басшысы) немесе жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісінің басшысы қол қояды. Бюджеттік өтінімде тиісті бағдарламалар әкімшісінің жауапты орындаушысының аты-жөні, әкесінің аты, лауазымы, жұмыс телефоны міндетті түрде көрсетіледі.

14. Бюджеттік өтінімнің титулдық парағы осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

15. Уәкілетті органның немесе тиісті бюджет комиссиясының бюджеттік өтінімді қарау кезінде ескертулер мен ұсыныстар болған жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Парламентінде (мәслихатта) республикалық (жергілікті) бюджет жобасының өзгерген жағдайында бюджеттік өтінімнің деректері қарастырудың әрбір кезеңінде қағаз тасығышта және орталық уәкілетті органның ақпараттық жүйесінде нақтылауға жатады.

16. Егер жекелеген бюджеттік бағдарламалар бойынша алдыңғы жоспарлы кезеңнің екінші және (немесе) үшінші жылдарының шығыстар сомасы республикалық бюджет туралы заңда бекітілген сомамен салыстырғанда өзгермейтін болса, онда осы бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша шығыстардың түрлері бойынша есеп-қисаптар жасалмайды, тек қана үшінші жылға жасалады.

Егер жекелеген бюджеттік бағдарламалар бойынша алдыңғы жоспарлы кезеңнің екінші және (немесе) үшінші жылдарының шығыстар сомасы республикалық бюджет туралы заңда бекітілген сомамен салыстырғанда өзгертін болса, онда осы бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша шығыстардың түрлері бойынша есеп-қисаптар жоспарлы кезеңнің жылдары бойынша жасалып ұсынылады.

17. Бағдарламалардың әкімшісі алдағы жоспарлы кезеңге арналған бюджеттік өтінімді орталық уәкілетті органға ағымдағы қаржы жылының 15 мамырына дейін табыс етеді.

18. Бюджет нақтыланған жағдайда бюджеттік комиссияның бюджеттік нақтылау туралы ұсынысын ескере отырып, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бес жұмыс күні ішінде уәкілетті органға бюджеттік комиссия өзгерістерін мақұлдаған бюджеттік бағдарламалар бойынша бюджеттік өтінімді табыс етеді.

Бюджет нақтыланған кезінде уәкілетті орган бюджеттік бағдарламалардың

әкімшілері бюджеттік өтінімдерді ұсынғаннан кейін он жұмыс күні ішінде бюджеттік өтінімдерді қарайды, олар бойынша қорытындылар дайындайды және оларды бюджеттік комиссияның қарауына енгізеді.

## **2. Бюджеттік бағдарламаға түсіндірме жазбаның мазмұны**

19. Бюджеттік өтінімге түсіндірме жазба:

- 1) жоспарлы кезеңге қаражат жұмсаудың негізгі бағыттарын;
- 2) мәлімделген бюджеттік бағдарламалардың қысқаша сипаттамасы мен б а я н д а л у ы н ;
- 3) базалық шығыстарды ұлғайту негізділігін;
- 4) нәтижелердің қол жеткізілген көрсеткіштерінің талдамасын, сондай-ақ өткен жылғы бюджеттік өтінімнің құрамына енгізілген бюджеттік бағдарламалар бойынша ауытқулардың себептерін қамтиды.

## **3. Шығыстар түрлері бойынша есептерді жасау тәртібі**

20. Шығыстар түрлері бойынша есептер шығыстардың экономикалық сыныптамасының әрбір ерекшелігі бойынша 2-53-қосымшаларға сәйкес жоспарлы кезеңнің әрбір жылына беріледі.

21. Мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыруға және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсетуге бағытталған бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстар есептері мемлекеттік қызметтердің бекітілген заттай нормалары мен стандарттарының негізінде жасалады.

22. Шығыстардың экономикалық сыныптамасының әрбір ерекшелігі бойынша шығыстар есептеріне республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің жауапты хатшысы (басшысы) немесе жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің басшысы мен бас бухгалтер (қаржы-экономикалық бөлімінің бастығы) қол қояды.

23. Бағдарламалардың әкімшілері штат санының лимиттері ұлғайған кезде 2-16-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстардың есептерін қосымша табыс етеді.

24. 111 "Еңбекақы төлеу" ерекшелігі бойынша шығыстардың есебі 2-16-қосымшаларға сәйкес 01-111, 02-111, 03-111, 04-111, 05-111, 06-111, 07-111, 08-111, 09-111, 10-111, 11-111, 12-111, 13-111, 15 111 нысандары бойынша ж а с а л а д ы .

Көрсетілген нысандар бойынша есептерді жасаған кезде радиациялық зилзала аумақтарда тұрғаны және экологиялық қасірет аймақтарында тұрғаны үшін қосымша ақыны есептегенде Қазақстан Республикасының "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды

элеуметтік қорғау туралы" 1992 жылғы 18 желтоқсандағы және "Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды элеуметтік қорғау туралы" 1992 жылғы 30 маусымдағы Заңдарын басшылыққа алған жөн.

01-111 нысаны (2-қосымша), оларға тиісінше 12-111, 13-111 және 14-111, 15-111 прокуратура органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің, құқық қорғау органдарының, өртке қарсы мемлекеттік қызмет, қылмыстық-атқару жүйесінің, ішкі істер органдарының, қаржы полициясы органдарының және кеден қызметі органдарының қызметшілерін, әскери қызметшілерді қоспағанда, әкімшілік мемлекеттік қызметшілерінің еңбек ақыларына арналған шығыстарды есептеуге арналған. Осы есептеулерді жасаған кезде Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік әкімшілік қызметшілер лауазымдарының санаттары бойынша тізілімін бекіту туралы" тиісінше 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 501 және "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1284 Жарлығын басшылыққа алған жөн.

02-111 нысаны (3-қосымша) саяси мемлекеттік қызметшілердің депутаттардың, судьялардың еңбек ақысына жұмсалатын шығыстарды есептеуге арналған. 02-111 нысан бойынша есептеуді жасау кезінде "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) ) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1284 Жарлығын басшылыққа алған жөн. Осы нормативтік құқықтық актіні 03-111, 12-111, 13-111 14-111 және 15-111 нысандар бойынша есептеулерін жасалған кезде б а с ш ы л ы қ қ а а л ғ а н ж ө н .

03-111 нысаны (4-қосымша) төтенше және өкілетті елшілердің, шет елдегі мекемелер қызметкерлерінің еңбек ақысына жұмсалатын шығыстарды есептеуге а р н а л ғ а н .

04-111 нысаны (5-қосымша) мемлекеттік білім беру мекемелері қызметкерлерінің еңбек ақыларына арналған шығыстарды есептеу үшін.

Осы есептеулерді жасаған кезде "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" 2007 жылғы 29 желтоқсандағы N 1400 Қаулысын басшылыққа алған жөн. Осы нормативтік құқықтық актпен 03-111, 12-111, 13-111 14-111 және 15-111 нысандар бойынша есептеулерін жасау басшылыққа алған жөн.

05-111 нысаны (6-қосымша) мемлекеттік жоғары білім беру және ғылым мекемелері қызметкерлерінің еңбекақыларына арналған шығыстарды есептеу үшін. Аталған нысанды Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Ішкі



істер министрлігінің, Әділет министрлігі, Қазақстан Республикасының Экономикалық және жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы), Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің оқу орындарынан басқа жоғары білім мекемелері толтырады.

06-111 нысаны (7-қосымша) мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелері қызметкерлерінің еңбекақыларына арналған шығыстарды есептеуге арналған.

07-111 нысаны (8-қосымша) әлеуметтік қамсыздандыру мемлекеттік мекемелері қызметкерлерінің еңбекақыларына арналған шығыстарды есептеуге арналған.

08-111 нысаны (9-қосымша) мәдениет және мұрағат ісі мемлекеттік мекемелері қызметкерлерінің еңбекақыларына арналған шығыстарды есептеуге арналған.

09-111 нысан (10-қосымша) дене шынықтыру және спорт мемлекеттік мекемелері қызметкерлерінің еңбекақыларына арналған шығыстарды есептеуге арналған.

10-111 нысан (11-қосымша) мемлекеттік білім, жоғары білім және ғылым, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және мұрағат ісі, дене тәрбиесі және спорт органдарын, құқық қорғау органдарын, Қазақстан Республикасы Республикалық ұлан, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі мекемелерін қоспағанда, басқа мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің еңбекақыларына арналған шығыстарды есептеуге арналған.

11-111 нысан (12-қосымша) мемлекеттік мекемелер жұмысшылардың еңбекақыларына арналған шығыстарды есептеуге арналған.

12-111 нысаны (13-қосымша) прокуратура органдары қызметшілерінің (Қазақстан Республикасының Бас әскери прокуратурасы, округтар, гарнизондар мен әскерлер әскери қызметшілерін қоспағанда, олар бойынша 13-111 нысаны толтырылады) жалақыларына арналған шығыстарды есептеуге арналған.

13-111 нысаны (14-қосымша) ішкі істер органдары, қаржы полициясы органдары, құқық қорғау органдары, мемлекеттік өртке қарсы қызметтер, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтері, Қылмыстық-атқарушы жүйесі органдары қызметкерлерінің еңбекақысына арналған шығыстарды есептеуге арналған.

35-бағанда қызмет атқарудың ерекше жағдайлары үшін үстемақы алатын құқық қорғау органдары, өртке қарсы мемлекеттік қызмет, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет, Қылмыстық-атқарушы жүйесі қызметшілерінің саны көрсетіледі, ал 36-бағанда қызмет атқарудың ерекше жағдайлары үшін төленетін үстемақы сомасы көрсетіледі. Қызмет атқарудың ерекше жағдайлары үшін төленетін үстемақының жалпы сомасы лауазымдық жалақының жалпы сомасының 15 пайызынан жоғары болмау керек.

14-111 нысан (15-қосымша) әскери қызметшілердің еңбекақысына арналған шығыстарды есептеуге арналған.

35-бағанда қызмет атқарудың ерекше жағдайлары үшін үстемақы алатын әскери қызметшілердің саны, ал 36-бағанда қызмет атқарудың ерекше жағдайлары үшін үстемақының сомасы көрсетіледі. Қызмет атқарудың ерекше жағдайлары үшін төленетін үстемақының жалпы сомасы Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі үшін лауазымдық еңбекақылар бойынша жалпы соманың 25 пайызынан жоғары емес соманы құрауы керек, басқа органдар үшін - 15 пайыздан жоғары емес.

12-111, 13-111, 14-111-нысандары бойынша еңбек ақыға арналған шығыстарды есептеуде Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері, құқық қорғау органдары, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің мемлекеттік өртке қарсы қызметі мен прокуратура органдарының қызметкерлері лауазымдарының санаттары бойынша тізілімдерін бекіту туралы" 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1283 және "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1284 Жарлықтарын басшылыққа алған жөн.

15-111 нысаны (16-қосымша) жедел әскери қызмет әскери қызметшілерінің лауазымдық айлықақысы бойынша шығыстарды есептеуге арналған.

25. 113 "Өтемақылық төлемдер" ерекшелігі бойынша шығыстар көлемін айқындау үшін 01-113-нысаны бойынша (17-қосымша) есеп жасалады.

Бұл нысан "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1284 Жарлығы мен "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы N 1400 қаулысына сәйкес мемлекеттік және азаматтық қызметшілерді сауықтыруға арналған жәрдемақыларды төлеу шығыстарын есептеуге, сондай-ақ заңнамада көзделген өтемақылық төлемдер мен бір жолғы жәрдемақыларға арналған шығыстарды есептеуге арналған.

26. 01-114 нысаны (18-қосымша) әскери қызметшілердің, ішкі істер органдары қызметкерлерінің жинақтаушы зейнетақы қорларына соттардың белгіленген міндетті зейнетақы жарналарына қосымша және міндетті зейнетақы жарналарына жұмсалатын шығыстарды есептеуге арналған.

Мына нысаны бойынша есептеу жасаған кезде "Қазақстан Республикасында

зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңын басшылыққа алған жөн.

2-бағанда 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай кемінде 10 жыл әскери қызметте, Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарында қызмет өтілі бар әскери қызметшілердің және ішкі істер және Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті, қаржы полициясы және өртке қарсы мемлекеттік қызмет органдары қызметкерлерінің лауазымдық еңбек ақыларын және әскери (арнайы) атағы бойынша жалақының (қосымша ақының) сомаларынан тұратын айына ақшалай ұстау сомасы көрсетіледі.

27. 121 "Әлеуметтік салық" ерекшелігі бойынша шығыстарды есептеу үшін мемлекеттік мекемелердің әлеуметтік салық төлеуге арналған шығыстарды есептеуге арналған 01-121 нысаны (19-қосымша) толтырылады.

Жоспарланған жылға арналған әлеуметтік салық сомасын есептеу кезінде "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексін (Салық Кодексі) басшылыққа алу қажет.

28. 01-122 нысаны ( 20-қосымша ) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды төлеуге шығыстарға арналған.

Жоспарланып отырған жылға арналған әлеуметтік аударымдардың сомасын есептеген кезде "Әлеуметтік аударымдарды есептеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 маусымдағы N 683 қаулысын басшылыққа алу қажет.

29. 01-125 нысаны ( 21-қосымша ) бойынша есепті автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру кезіндегі сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін есептеу жүргізіледі. Осы нысанды балансында автокөлік құралдары есепке алынған мемлекеттік мекемелер автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруға арналған шығыстар сомасын анықтау үшін толтырады.

Автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру кезіндегі сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін есептеуде "Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 1 шілдедегі Заңын басшылыққа алу қажет.

30. 131 "Тамақ өнімдерін сатып алу" ерекшелігі бойынша 22-25-қосымшаларға сәйкес 01-131, 02-131, 03-131 және 04-131-нысандары жасалады.

01-131 нысанды ( 22-қосымша ) ішкі істер, қаржы полициясы органдарының, қылмыстық-атқару жүйесі органдарының, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлері, денсаулық сақтау және ветеринария мекемелерін Қоршаған Министрлігін, Ұлттық Қамқорлық Комитеті, Қазақстан Республикасы

Республикалық ұлан, қоспағанда, тамақтануға арналған шығыстарды есептеу үшін мемлекеттік білім беру және әлеуметтік қорғау мекемелері толтырады.

02-131-нысаны ( 23-қосымша ) әскери қызметшілерге, ішкі істер органдары, қылмыстық-атқару жүйесі, қаржы полициясы қызметкерлеріне, кәсіптік апаттан-құтқару құрылымдарының құтқарушыларына, әскери және арнайы оқу орындарының курсанттарына, әскери мектеп-интернаттарының тәрбиеленушілеріне тамақ өнімдерін сатып алуға арналған шығыстарды есептеу үшін мемлекеттік мекемелер толтырады. Осы нысан бойынша есепті жасаған кезде заңнамамен бекітілген тамақтану нормалары және темекі өнімдерін босатуды басшылыққа алған жөн.

03-131 нысанын ( 24-қосымша ) мемлекеттік ветеринариялық мекемелер толтырады. Осы есептеуді жасаған кезде заңнамада бекітілген жануарларға арналған тамақтану нормаларын басшылыққа алған жөн.

04-131-нысаны ( 25-қосымша ) денсаулық сақтау мекемелерінде тамаққа арналған шығыстарды есептеу үшін жасалады. Осы есептеуді жасаған кезде " Республиканың мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында тамақтанудың заттай нормаларын және жұмсақ мүкәммалмен жабдықтаудың ең төменгі нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 қаңтардағы N 128 қаулысын басшылыққа алған жөн.

31. 132 "Дәрі-дәрмектермен медициналық бағыттағы өзге де құралдар" ерекшелігі бойынша шығыстар көлемін анықтау үшін 26-28-қосымшаларға сәйкес 01-132, 02-132 және 03-132 нысандары бойынша есептер жасалады.

01-132-нысанды ( 26-қосымша ) дәрі-дәрмектерге, мал дәрігерлік препараттарға және медициналық мақсаттағы өзге де құралдарға арналған шығыстарды есептеу үшін, денсаулық сақтау мекемелерінен басқа мемлекеттік мекемелер толтырады.

02-132-нысаны ( 27-қосымша ) денсаулық сақтау стационарлық мекемелерінде дәрі-дәрмектерге арналған шығыстарды есептеу үшін толтырылады.

03-132-нысаны ( 28-қосымша ) амбулаториялық-емханалық мекемелерде дәрі-дәрмектерге арналған шығыстарды есептеу үшін жасалады.

Көрсетілген нысандар бойынша күніне бір бірлік дәрі-дәрмектер мен өзге де медициналық бағыттағы құралдарды сатып алу шығыстары нормаларын басшылыққа алған жөн.

32. 134 "Заттай мүліктер мен басқа да формалық және арнайы киімдерді сатып алу, тігу және жөндеу" ерекшелігі бойынша шығыстарды есептеу үшін 29-қосымшаларға сәйкес 01-134-нысаны толтырылады.

01-134-нысан әскери қызметшілер, ішкі істер органдарының, қылмыстық-атқару жүйесінің, қаржы полициясының қызметкерлері, кәсіби

авариялық-құтқару құрылымдарының құтқарушылары, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлері, әскери және арналған оқу орындарының курсанттары, әскери мектеп-интернаттардың тәрбиеленушілері үшін мүліктік керек-жарақ заттарын сатып алуға, тігуге және жөндеуге, кеден қызметінің, прокуратура органдарының қызметшілері, судьялар, сот приставтары үшін арнайы және пішімдік киім-кешектерге, мемлекеттік орман күзетінің және аң шаруашылығы, өсімдік карантині бойынша мемлекеттік фитосанитарлық қызметтің және мемлекеттік шекарада және көлікте малдәрігерлік қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік малдәрігерлік қызметтің қызметкерлері үшін пішімдік киім-кешекке арналған шығыстарды есептеу үшін толтырылады.

Осы нысан бойынша есепті жасаған кезде заттай мүлік мәнінің нормаларын, басқа формалық және арнайы киімдерді заңнамада белгіленген 1 алушыға ақша түрінде бір жылғы тозуын ескере отырып басшылыққа алу керек.

33. 139 "Өзге де тауарларды сатып алу" ерекшелігі бойынша шығыстарды есептеу үшін 30-32-қосымшаларға сәйкес 01-139, 02-139, 03-139-нысаны т о л т ы р ы л а д ы .

01-139 нысаны ( 30-қосымша ) денсаулық сақтау мекемелеріне жұмсақ мүкәммал сатып алуға арналған шығыстарды есептеу үшін толтырылады.

Бұл нысанды мемлекеттік амбулаторлық-емханалық және стационарлық денсаулық сақтау мекемелері толтырады.

Осы есептеуді жасаған кезде, "Республиканың мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында тамақтанудың заттай нормаларын және жұмсақ мүкәммалмен жабдықтаудың ең төменгі нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 қаңтардағы N 128 қаулысын басшылыққа алған жөн.

02-139 нысаны ( 31-қосымша ) шығыс материалдарын, өзге де жабдықты сатып алуға арналған іс-шараларды жоспарлаған кезде толтырылады.

03-139 нысаны ( 32-қосымша ) ғимараттарды, орын-жайларды ұстау, жабдықтарды, көлік және басқа негізгі құралдар мен оларды жөндеу бойынша шығыстар есебі үшін толтырылады.

34. Коммуналдық қызметтерге (су, газ, электр энергиясы және жылыту) ақы төлеу үшін жоспарлы кезеңге арналған бюджет шығыстарының көлемін айқындау үшін 33-37-қосымшаларға сәйкес, 01-141, 02-141, 03-141, 04-141 және 05-141 нысандары бойынша есептер жасалады.

Аталған нысанда есепті жасаған кезде, "Бюджет қаражатынан қаржыландырылатын ұйымдар бойынша электр энергиясын, жылуды, ыстық және суық суды және басқа да коммуналдық қызмет көрсетулерді тұтынудың нормативтері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 2 қарашадағы N 1118 қаулысын басшылыққа алған жөн.

01-141, 02-141 және 03-141 нысандарының 5-бағанында су, электр энергия,

жылу, газ тұтыну нормалар белгіленген қуат бірлігінің саны көрсетіледі.

01-141 нысанын ( 33-қосымша ) ыстық және суық суға, кәріз бен газға арналған шығыстарды есептеу үшін мемлекеттік мекемелер толтырады.

02-141 нысанын ( 34-қосымша ) жетілдірілген жабындарды және жасыл желекті екпелерді суаруға арналған су шығыстарын есептеу үшін мемлекеттік мекемелер толтырады .

03-141 нысанын ( 35-қосымша ) электр энергиясына ақы төлеу жөніндегі шығыстарды есептеу үшін мемлекеттік мекемелер толтырады.

04-141 нысанын ( 36-қосымша ) орталық жылу жүйесі бар мемлекеттік мекемелер үшін ғимараттарды, үй-жайларды жылытуға арналған шығыстарды есептеу үшін мемлекеттік мекемелер толтырады.

05-141 нысанын ( 37-қосымша ) дербес жылу жүйесі бар мемлекеттік мекемелер үшін ғимараттарды, үй-жайларды жылытуға арналған шығыстарды есептеу үшін мемлекеттік мекемелер толтырады.

35. 142 "Байланыс қызметтеріне ақы төлеу" ерекшелігі бойынша шығыстарды есептеу үшін 38-қосымшаға сәйкес, 01-142-нысаны толтырылады.

01-142 нысанын байланыс қызметтеріне ақы төлеу жөніндегі шығыстарды есептеу үшін және телекоммуникациялық қызметтерді сатып алуға арналған іс-шараларды жоспарлаған кезде мемлекеттік мекемелер толтырады. 01-142-нысаны бойынша шығыстарды есептеу кезінде "Қызмет телефондары мен мемлекеттік органдар аппаратын орналастыруға арналған алаң нормалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 3 қазандағы N 1217 қаулысын басшылыққа алған жөн.

5, 15, 16, 17-жолдарда мемлекеттік органның ерекшелігіне сәйкес, түзетілуі мүмкін телекоммуникациялық қызметтердің үлгі тізімі мен сипаттамалары келтірілген .

36. 143 "Көлік қызметтеріне ақы төлеу" ерекшелігі бойынша жоспарлы кезеңге арналған бюджет қаражатының көлемін айқындау үшін 39-қосымшаға сәйкес, 01-143-нысаны бойынша есеп жасалады. Алдағы жоспарлы кезеңге арналған жоспарлы шығыстарды негіздеу үшін ағымдағы қаржы жылына көлікті жалдау туралы шарттардың көшірмелері тапсырылады.

37. 01-147 нысанын ( 40-қосымша ) үй-жайларды жалға алуға ақы төлеуге арналған шығыстарды есептеу үшін мемлекеттік мекемелер толтырады. Алдағы жоспарлы кезеңге арналған жоспарлы шығыстарды негіздеу үшін ағымдағы қаржы жылына ғимараттар мен орын-жайларды жалдау туралы шарттардың көшірмелері тапсырылады .

38. 149 "Өзге де қызметтер мен жұмыстар" ерекшелігі бойынша шығыстарды есептеу үшін 41 және 42-қосымшаларға сәйкес 01-149, 02-149-нысаны толтырылады .

01-149-нысаны ( 41-қосымша ) ғимараттарды, орын-жайларды ұстау, жабдықтарды, көлік және басқа негізгі құралдар мен оларды жөндеу бойынша шығыстар есебіне арналған. Жоспарланған шығыстарды негіздеу үшін ағымдағы қаржы жылына арналған қызметтер көрсету туралы шарттардың көшірмелері, негізгі құралдарды сатып алу бойынша прайс-парақтары, ағымдағы қаржы жылына ағымдағы жөндеу бойынша дефекті актісі мен сметалық құжаттама тапсырылады. Ағымдағы жөндеу кезінде орындалатын жұмыстар тізбесін жасаған кезде "Бюджет қаражатынан қаржыландырылатын ұйымдар бойынша электр энергиясын, жылуды, ыстық және суық суды және басқа да коммуналдық қызмет көрсетулерді тұтынудың нормативтері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 2 қарашадағы N 1118 қаулысын басшылыққа алған жөн, онда ғимараттарды ағымдағы және күрделі жөндеу кезінде атқарылатын жұмыстардың тізбесі қарастырылған.

02-149 нысаны ( 42-қосымша ) заңды және жеке тұлғалар көрсететін жұмыстар мен қызметтерге ақы төлеу жөніндегі шығыстарды есептеуге арналған . Бұл есепте шығыстардың тұтастай сомасы көрсетіледі, сондай-ақ шығыстардың түрлері бойынша толық жазу келтіріледі:

1) заңды тұлғалар үшін:

қызметкерлердің еңбекақысы - осы жол бойынша қызметтер көрсетуге және жұмыстарды орындауға қатысатын қызметкерлердің еңбекақысы көрсетіледі;  
әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қорына әлеуметтік аударымдар;  
іссапар шығыстары;

салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, оның ішінде салықтар және бюджетке төленетін міндетті төлемдер жеке жолдармен көрсетіледі;

өзге салықтар;  
материалдар сатып алу;  
құралдарды сатып алу;

коммуналдық қызметтер, яғни электр энергиясын және жылуды қоспағанда, суға, газға және басқа да коммуналдық қызметтерге арналған шығыстар;

электр энергиясы;  
жылу;  
байланыс қызметтері;  
көлік қызметтері;  
негізгі құралдарды ағымдағы жөндеу;  
құралдарды күрделі жөндеу;

үй-жайлардың ғимараттарын ұстау, оларға қызмет көрсету;  
жалгерлік ақы;  
банктік қызметтер;

ө з г е ш ы ғ ы с т а р .

2) жеке тұлғалар үшін:

қызметкерлердің еңбекақысы - осы жол бойынша қызметтер көрсетуге және жұмыстарды орындауға қатысқан қызметкерлердің еңбекақысы көрсетіледі (осы жол бойынша, сондай-ақ қызметкерлердің еңбекақысынан ұсталатын табыс салығы, жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті жарналар да көрсетіледі);

і с с а п а р ш ы ғ ы с т а р ы ;

м а т е р и а л д а р с а т ы п а л у ;

к ө л і к қ ы з м е т т е р і .

39. 01-151 нысанын ( 43-қосымша ) ел ішіндегі қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды есептеу үшін мемлекеттік мекемелер толтырады.

01-151 нысаны бойынша шығыстарды есептеу кезінде "Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 1428 қаулысын басшылыққа алу керек.

40. 01-152 нысанын ( 44-қосымша ) елден тыс жерлерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды есептеу үшін мемлекеттік мекемелер т о л т ы р а д ы .

Осы есептеуді жасаған кезде "Мемлекеттік қызметшілерге республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен қызметтік шетелдік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 6 ақпандағы N 108 Қаулысы басшылыққа алынсын.

41. 01-334-нысанды ( 45-қосымша ) жоғары және орта оқу орындары толтырады, онда әскери-оқу арнайы оқу орындары мен кадеттерінің курсанттарына (тыңдаушыларына) стипендия төлеуге арналған 01-334 " Стипендиялар" ерекшелігі бойынша шығыстарды есептеу көзделеді.

Осы нысанды толтыру кезінде Қазақстан Республикасы Президентінің " Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1284 Жарғысын басшылыққа алу керек.

42. Шығыстардың 135, 148, 153, 155, 157, 159, 211, 212, 221, 332, 333, 334, 341, 349, 351, 369, 412, 421, 422, 423, 431, 432, 439, 451, 461, 464, 471, 472, 511, 512, 514, 519, 521, 531, 541, 611, 612, 621, 711, 712, 713, 721 және 722 бойынша есеп-қисаптар еркін түрде жасалады.

43. Жоғарыда көрсетілген нысандар бойынша есептемелердің негізінде мемлекеттік мекемелер 46-қосымшаға сәйкес, бюджеттік бағдарламалар (кіші



бюджеттік бағдарламалар) бойынша жиынтық есептеме (бұдан әрі - ММ нысаны) ж а с а й д ы .

ММ нысанында шығыстардың, оның ішінде шығыстардың экономикалық жіктемесінің ерекшеліктері бөлінісінде жалпы сома көрсетіледі. Шығыстардың экономикалық жіктемесінің әрбір ерекшелігі бойынша болжамды жылға арналған шығыстардың сомасы осы нысанға қоса берілген шығыстардың экономикалық жіктемесінің ерекшеліктері бойынша шығыстардың есептемелерінде көрсетілген жиынтық сомаға сәйкес келуі тиіс.

ММ нысанында өткен қаржы жылы үшін есеп деректері (кассалық және іс жүзіндегі шығыстар) (2, 3-бағандар), ағымдағы қаржы жылына арналған нақтыланған жоспар (өзгерістер туралы барлық анықтамаларды ескере отырып бекітілген жеке смета) (4-баған) және алдағы жоспарлы кезеңге арналған болжамды деректер (5, 6 және 7-бағандар) келтіріледі.

44. Мемлекеттік мекемелер ММ нысанын шығыстардың экономикалық жіктемесінің әрбір ерекшелігі бойынша шығыстардың есептемелерін қоса бере отырып, бағдарламалардың әкімшісіне ұсынады.

45. ММ нысаны бойынша мемлекеттік мекемелер ұсынған жиынтық есептемелердің негізінде бағдарламалардың әкімшісі 47-қосымшаға сәйкес стратегиялық жоспар жобасына енгізілген әрбір бюджеттік бағдарлама (кіші бюджеттік бағдарлама) бойынша жиынтық есептеме үшін ММ-жиынтық н ы с а н ы н ж а с а й д ы .

46. ММ нысаны негізінде 48-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бюджеттік бағдарламалар бөлінісінде бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бойынша жиынтық (жиынтық) тізбе жасалады.

47. 49-қосымшаға сәйкес, шығыстар есептерінің негізінде базалық шығыстар мен жаңа бастамаларға арналған шығыстарды қоса алғандағы ағымдағы бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік даму бағдарламалары бойынша шығыстардың жиынтық кестесі жасалады.

48. Бағдарламалар әкімшісінің ақпараттандыру саласындағы шығыстарды қамтитын бюджеттік өтінімі Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2004 жылғы 22 маусымдағы N 94 және Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру жөніндегі агенттігі төрағасының 2004 жылғы 17 мамырдағы N 101-б бірлескен бұйрығымен бекітілген Ақпараттандыру саласындағы бюджеттік бағдарламаларды іске асыру жөніндегі нұсқаулықтың нысандарында берілуі тиіс.

49. Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері есептеу техникаларын, телекоммуникациялық жабдықтарды, лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді, ақпараттық жүйелерді әзірлеу және дамыту қызметтерін жоспарлаған кезде ақпарат және байланыс саласындағы уәкілетті

органның қорытындысын бюджеттік өтінімге қоса беруі тиіс.

Есептеу және басқа жабдықтарын сатып алуға арналған шығыстар көлемін есептеген кезде 01-411 нысаны ( 50-қосымша ) толтырылады. Есептеу және басқа жабдықтарды сатып алу ақпараттандырудың бюджеттік бағдарламалары бойынша ғана жоспарлануы мүмкін. Есептеу жабдықтарын сатып алу жөніндегі қажеттілік енгізілетін немесе көбейтілетін ақпараттық жобалардың талаптары мен мерзімдеріне не жабдықтың табиғи немесе моральдық тозу себептеріне негізделуге тиіс.

02-411 нысаны ( 50-1-қосымша ) "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, автомобиль көлік құралдарын сатып алуға арналған шығыстарды жоспарлаған кезде толтырылады.

01-452 нысаны ( 51-қосымша ) лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз ету, операциялық жүйелерді және деректер базаларын басқару жүйелерін сатып алуға шаралар жоспарлау кезінде толтырылады.

Сатып алынатын бағдарламалық өнімдер бюджеттік бағдарламаның міндеті мен мақсатына сәйкес келуге тиіс, лицензиялардың саны мен сатып алу уақыты ақпараттық жобаны енгізу және көбейту уақытымен үйлестірілуге тиіс. Әдетте, лицензиялар жылдық техникалық қолдаумен беріледі, сондықтан, лицензиялар сатып алуға жұмсалатын шығыстарға жылдық техникалық қолдаудың құнын қосуға болады.

50. 01-311-нысаны 52-қосымшаға сәйкес заңды тұлғаларға берілетін бюджеттік субсидиялар бойынша шығыстарды есептеуге арналған бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстардың көлемін анықтау үшін толтырылады.

Осы нысан үш бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлімде заңды тұлғаның шаруашылық қызметті жүзеге асырудан алатын кірістерінің жалпы сомасы көрсетіледі.

Екінші бөлімде ағымдағы сипаттағы шығыстардың түрлері бойынша таратып жазуды келтіре отырып, шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі.

Үшінші бөлімде заңды тұлғалардың кірістерден шығыстардың асып түсу сомасы, яғни бюджеттен өтелетін сома көрсетіледі.

Заңды тұлғалар берген 01-311 нысаны бойынша есептердің негізінде бюджеттік бағдарламалар әкімшісі тұтастай алғанда бюджеттік субсидиялар беруді көздейтін бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстар есебі үшін 53-бағдарлама бойынша 01-311 жиынтық нысанын жасайды.

51. Трансферттер, бюджеттік кредиттер беруге бағытталған бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстар көлемін айқындау, күрделі шығыстарды жүзеге асыру, мемлекет міндеттемелерін орындау үшін бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері еркін нысандағы есептерді жасайды.

Бұл есептер шығыстардың әрбір түрлері бойынша міндетті түрде таратылып

көрсетіле отырып берілуі немесе еңбек шығыстары арқылы есептелуі және оған бас бухгалтер немесе қаржы-экономикалық қызмет бастығы қол қоюы тиіс.

Сатып алынатын негізгі қаражаттар бойынша есептерде оларды нормалау, нақты барлығы, шығарылған жылы мен тозуы бойынша мәліметтер болуы тиіс.

52. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінде инвестициялық жобалар бар болса, бюджеттік инвестициялық жобаларды таратып жазу 54-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады.

Бюджеттік инвестициялық жобаларды таратып жазуда: қаржыландыру көздері (республикалық бюджетке, жергілікті бюджетке, бюджеттен тыс қаражатқа, сыртқы қарызға бөле отырып) (3-баған); жылдар бойынша тарата жазып жоспарлы кезеңге басталғанға дейінгі қаржыландыру (5-баған); инвестициялық жоба деңгейінде жоспарлы кезеңге дейінгі қаржыландырудың жалпы сомасы (6, 7-бағандар) көрсетіледі

**Ескерту. 52-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2009.09.21 N 199 бұйрығымен.**

#### **4. Алынған және пайдаланылған байланысты гранттар туралы ақпарат**

53. Жұмсалуды бағыттары бойынша (компоненттерге) гранттар сомасын міндетті түрде бөле отырып, ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша, алынған және пайдаланылған байланысты гранттар тізбесі ұсынылады және осы Ережеге 55-қосымшаға сәйкес нысанда жасалады.

#### **5. Алынған және пайдаланылған байланыссыз гранттар туралы ақпарат**

54. Ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша алынған және пайдаланылған байланыссыз гранттар туралы ақпарат мынадай нысандар бойынша тапсырылады:

1) осы Ережеге 56-қосымшаға сәйкес шетелде оқытуды қоспағанда, тауарларды жеткізуге, жұмыстарды орындауға және қызметтерді көрсетуге байланыссыз гранттар беру туралы мәліметтер;

Мәліметтерге анықтама ретінде 5, 6 және 7-бағандарда АҚШ долларында көрсетілген сомалар бойынша байланыссыз грант туралы келісімге қол қойылған күнге валюталардың айырбас бағамы туралы ақпарат қоса беріледі, 56-қосымшаның 14-бағанда жобаны іске асыру кезінде қол жеткізілген мақсаттар көрсетіледі;

2) осы Ережеге 57-қосымшаға сәйкес шетелде оқытуға байланыссыз гранттар беру туралы мәліметтер;

Шетелде оқыту дегеніміз курстар, семинарлар, тренингтер және шетелде

Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұйымдары лауазымды тұлғаларының (техникалық персоналды қоспағанда) біліктілігін арттырудың басқа да түрлері.

57-қосымшаның 4 және 5-бағандарында қатысушылар саны әрбір лауазым санаты (деңгейі) бойынша көрсетіледі.

## **6. Мемлекеттік мекемелердің олардың иелігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) сатудан түскен ақша түсімдері мен шығыстарының болжамы**

55. Мемлекеттік мекемелердің олардың иелігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) сатудан түскен ақша түсімдері мен шығыстарының тиісті қаржы жылына арналған болжамы осы Ережеге 58-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады.

Бюджеттік	бағдарламалар		
әкімшілерінің	бюджеттік		
өтінімді	жасау	және	ұсыну
ережесіне 1-қосымша			

---

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

## **\_\_\_\_\_ ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН БЮДЖЕТТІК ӨТІМ**

-----  
(республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі жауапты хатшысының (басшысының) немесе жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі/ мемлекеттік мекеменің басшысының қолы)

-----  
(жауапты атқарушының деректері)

Бюджеттік	өтінімді	жасау
және	ұсыну	ережесіне
2 - қосымша		
01-111-нысан		

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2009.05.22 N 113 бұйрығымен.

**Әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің  
еңбек ақыларына арналған шығыстарды есептеу**

Жылы

Кодтары

Мәліметтер түрі (болжам, жоспар, есеп)

Функционалдық топ

Бағдарламалардың әкімшісі

Мемлекеттік мекеме

Бағдарлама

Ерекшелік Еңбек ақы

111

Лауазымдар санаты	Лауазымдар атауы	Жылдармен мемлекеттік қызмет өтілі	Штат бірліктерінің саны	Коэффициенттер	Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі қызметкерлерінің лауазымдық айлық ақысын есептеуге арналған түзету коэффициенті	Бір айдағы лауазымдық жалақы (4-бағ x лауазымдық жалақы x түзету коэфф. x 5-бағ x 6-бағ.)/1000
1	2	3	4	5	6	7
Өлшем бірлігі			бірл.			мың теңге
Санат*	Лауазым					
		Бір жылға дейін				
		1-ден 2-ге дейін				
		2-ден 3-ке дейін				
		3-тен 5-ке дейін				
		5-тен 7-ге дейін				
		7-ден 9-ға дейін				
		9-дан 11-ге дейін				
		11-ден 14-ке дейін				
		14-тен 17-ге дейін				
		17-ден 20-ға дейін				
		20 жылдан жоғары				

кестенің жалғасы




Санат бойынша жиыны

**Республикалық бюджеттік бағдарламалардың**  
**әкімшісі жауапты хатшысы (басшысы) немесе**  
**жергілікті бюджеттік бағдарламалардың**  
**әкімшісі/мемлекеттік мекеменің басшысы**  
**Бас бухгалтер (ҚЭБ бастығы)**

Ескерту: Әрбір санат бойынша толтырылады

Б ю д ж е т т і к ө т і н і м д і ж а с а у

ж ә н е ұ с ы н у е р е ж е с і н е

3 - қ о с ы м ш а

02-111-нысан

**Саяси мемлекеттік қызметшілердің, депутаттардың, судьялардың еңбекақыларына арналған шығыстарды есептеу**

Кодтары

Жылы \_\_\_\_\_

Мәліметтер түрі (болжам, жоспар, есеп) \_\_\_\_\_

Функционалдық топ \_\_\_\_\_

Бағдарламалардың әкімшісі  
 мекеме \_\_\_\_\_

Мемлекеттік  
 Бағдарлама \_\_\_\_\_

Ерекшелік

Еңбекақы

111

Лауазымдар атауы	Жылдармен мемлекеттік қызмет өтілі	Ш т а т бірліктерінің саны	Коэффициенттер	Бір айдағы лауазымдық жалақы (3-бағ х базалық лауазымдық жалақы х түзету коэфф.х 4-бағ .)/1000	Радиациялық қауіп - қатер аумақтарында еңбекақы			
					Қосымша ақы алатын мемлекеттік қызметші			
1	2	3	4	5	жалпы саны	оның ішінде 2 коэффицент бойынша	оның ішінде 1,75 коэффицент бойынша	оның ішінде 1,4 коэффицент бойынша
Өлшем бірлігі		бірл.		мың теңге	бірл.	бірл.	бірл.	бірл.
Лауазым								
	Бір жылға дейін							





	7-ден 9-ға дейін							
	9-дан 11-ге дейін							
	11-ден 14-ке дейін							
	14-тен 17-ге дейін							
	17-ден 20-ға дейін							
	20 жылдан жоғары							

**кестенің жалғасы**

Лауазымдар атауы	Жылдармен мемлекеттік қызмет өтілі	Үстемақылар		Әскери атақтар бойынша жалақы		Бір айдағы жалақының жиыны 5-бағ. + 12-бағ. + 17-бағ. + 19-бағ. + 21-бағ. + 23-бағ.	Бір жылғы жалақының жиыны 24-бағ x 12	Жылына 2 лауазымдық жалақысы мөлшеріндегі сомасы 5-бағ. x 2
		Арнайы атақтар үшін	Сомасы	Қосымша ақы алатын мемлекеттік қызметшілердің саны	Сомасы			
1	2	20	21	22	23	24	25	26
Өлшем бірлігі		бірл.	мың теңге	бірл.	мың теңге	мың теңге	мың теңге	мың теңге
Лауазым								
	Бір жылға дейін							
	1-ден 2-ге дейін							
	2-ден 3-ке дейін							
	3-тен 5-ке дейін							
	5-тен 7-ге дейін							
	7-ден 9-ға дейін							
	9-дан 11-ге дейін							
	11-ден 14-ке дейін							
	14-тен 17-ге дейін							
	17-ден 20-ға дейін							
	20 жылдан жоғары							

Санат бойынша жиыны\*

Республикалық  
бағдарламалардың

жауапты хатшысы  
немесе жергілікті

бағдарламалардың  
мемлекеттік мекеменің басшысы

Бас бухгалтер (ҚЭБ бастығы)

бюджеттік  
әкімшісі

(басшысы)

бюджеттік  
әкімшісі/

Ескерту: Әрбір санат бойынша толықтырылады

Бюджеттік өтінімді жасау

және ұсыну ережесіне

4 - қосымша

03-111-нысан

**Төтенше және өкілетті елшілерінің және шет елдердегі мекемелері  
қызметкерлерінің еңбекақыларына арналған шығыстарды есептеу**

Кодтары

Жылы

Мәліметтер түрі (болжам, жоспар, есеп)

Функционалдық топ

Бағдарламалардың әкімшісі

Мемлекеттік мекеме

Бағдарлама

Ерекшелік

Еңбекақы

111

